

## Лекциялар жинағы.

### Дәріс №1-2 Сунниттер.

Ислам дінінің екі үлкен бағытқа, яғни Сунниттер және Шииттер болып бөлінетіні белгілі. Әлемдегі мұсылмандардың басым бөлігін құрайтын Әһли Суннаны (Сунниттерді) – Мұхаммед пайғамбар мен оның сахабаларының діннің басты (сенім) негіздерінде ұстанған жолын басшылыққа алушылар деп айтуға болады. Толық атауы «Әһли Сунна уәл Жамаға (Сүннет және Жамағат қауымы)» деп аталады. Батыстың белгілі шығыстанушысы М. Уотт «сунниттер» ұғымының алғаш рет X ғасырда қолданылғанын алға тартады. Алайда табиундардан Саид бин Жубәйрға (өлімі 713.) телінген бір хабарда сунниттер ұғымы VIII ғасырдың бастарында ортаға шыққан көрінеді. Қазіргі кезге дейін жетіп келген деректердің ішіндегі ең көнесі саналатын Ахмад ибн Ханбалдың дінсіздер мен жахмия деген ағымды терістеу мақсатында жазған еңбегінде де «әһли сунна» ұғымына орын берілген. Сонда бұл деректер бізге әһли суннаның IX ғасырда бір сенімдік (ақида) мазһабы ретінде қалыптасқанын көрсетіп отыр. Әһли Сунна сенім жүйесінің қалыптасуына ықпал еткен ғалымдардың ең маңыздысы Имам Ағзам Әбу Ханифа болып табылады. Әбу Ханифа сенім негіздеріне қатысты трактаттарында өзі өмір сүрген дәуірдегі әр түрлі дүниетанымдық ағымдар өкілдерімен пікірталастарға кіріп, Алланың сипаттарын, тағдыр мәселесін нақтылап, Құранның мағынасы тұрғысынан жаратылмағанын айтқан. Үлкен күнә жасаған адамның мұсылмандық шеңберден шықпайтынын айтып, ақыреттегі жағдайына қатысты мәселені Алланың қалауына қалдырған. Осылайша әһли сунна ақидасының ең маңызды мәселелерін анықтап берген. Жалпы Әһли Сунна немесе Сунниттер атауы берілген қауымды басқа исламға жат ағымдардан, мазһабтардан ерекшелеп тұратын өзіндік ұстанымдары мен доктриналары бар. Сунниттер өз арасында ислам құқығы-шариғат (фикһ), діннің практикалық жағына байланысты төрт мектепке (мазһаб), сенім негіздері (ақида), яғни доктриналық тұрғыдан үш мектепке бөлінеді. Бұл мектептердің арасындағы айырмашылықтар мен ерекшеліктер негізінен діннің кейбір жекелеген, екінші деңгейлі мәселелеріне қатысты. Әйтпесе діннің басты негіздерінде барлығы дерлік ауызбіршілікте. Бұл мектептер мыналар:

А) **Құқықтық мектептер** (Фикһ мазһабтары): Ханафи мазһабы, Малики мазһабы, Шафи мазһабы, Ханбали мазһабы.

Ә) **Доктриналдық мектептер** (Ақида мазһабтары): Матуриди мазһабы, Ашари мазһабы, Салафия мазһабы.

### Дәріс №2. Харижиттер

Харижиттер – Ислам тарихында ортаға шыққан алғашқы саяси бағыт болып табылады. Харижиттер сөзінің мағынасы араб тілінде «бөлінушілер» дегенді білдіреді. Харижиттер халифа сайлау мұсылмандар үшін парыз емес, яғни мемлекет басшысыз да басқарыла береді дегенді алға тартады. Күнә жасаған мемлекет басшысын дереу төңкеріп тастау керек дейді. Ондай басшыға бағынуға болмайды. Бұл көзқарас ислам қоғамындағы анархияның алғашқы көрінісі еді. Тағы да бұл топ амалды иманның бір бөлігі деп санап, Алланың алдындағы міндетін (құлшылығын) орындамаған, үлкен күнә жасаған адамды мұсылман емес, кәпір деп санады. Мұндай адамдарды өлтіру дін бойынша рұқсат етіледі деп, тарихта белгілі болғандай өз көзқарастарын қабылдамаған қара халықты қырғынға ұшыратқан. Харижиттер осы пікірлерімен ислам сенім жүйесінде жаңа бір арнаны қалыптастырды. Басқаша айтқанда енді саяси қақтығыстардың жанында сенімдік, догматикалық қақтығыстар бой көрсетіп, Құран мен Сүннет бойынша қалыптасқан сенім жүйесі (ақайд) мұсылмандар арасында пікірталас нысанына айналды. Құран және Сүннетте мүлдем көрсетілмеген кейбір мәселелер ислам сенімінің аясында талқыға салынды. Жалпы бұл ағым діннің үкімдерінің сыртқы жүзіне қарап, ішкі терең мәніне бойлай алмағандықтан жаңашылдыққа қарсы болған. Харижиттер өз ішінде бірнеше топқа бөлініп кеткен. Ең бастылары мыналар: Азракиттер, Суфриттер, Ибадие, Неждие және Ажариттер

### **Дәріс №3. Азракиттер және Суфриттер**

**Азракиттер:** Әбу Рашид Нафи бин әл-Азрактың есімімен байланыстырылып осы атауды алған. Ибн Азрак Ахуаз деген жердегі шайқаста Басра әмірінің күштерімен соғыс кезінде өлтіріледі. Харижиттердің ішіндегі мейлінше төзімсіз, радикалды бағытты ұстанатын тобы. Шахристанни Азракиттерның басты ұстанымдарын былай қорытындылайды:

А) Алла Али бин Әбу Талиб туралы мына Құран аятын түсірген: «Ей Мұхаммед! Дүние тіршілігі жайлы судырап сөйлегенде, өзіңді жаңылдыратын (еліктіріп әкететін) адамдар да бар. Олар айтайын дегеніне Алланың өзін кепіл ете сөйлейді. Бірақ ол сенің қас дұшпаның (Бақара 204)». Али кәпір және (оны өлтірген) Ибн Мулжам дұрыс және орынды әрекет еткен. Алланың Құрандағы мына аяты оның әрекетіне сәйкесуде: «Енді Құдай жолында жанын пида ететіндер де бар. Ондай пенделерге Алла рақыммен қарайды (Бақара 207)». Әуелі Алиді күпірлікпен айыптаған Азракиттер, кезегімен Осман бин Аффан, Талха, Зубайр, Абдуллах бин Аббас, Пайғамбардың әйелі Айша мен олардың қасындағы барлық мұсылмандарды дінсіз деген. Олардың ойынша бұл адамдар тозақта мәңгілік қалатын болады.

Ә) Соғыстарға (өздері бастаған бүлікке) қатыспай шетте қалып қойғандар да кәпір.

Б) Өздеріне қосылмағандардың әйел бала шағаларын өлтіру ерікті (мубах) іс-әрекет саналады. Кәпірлердің балалары да әкелерімен бірге тозақта мәңгілік қалатын болады.

В) Сөз және іс-әрекетте қауіпсіздікті ойлап сақтық жасау (такийя) мүлдем дұрыс емес. Өзінің пікірін, сенімін қажет болғанда жасыру шииттікте мүлдем басқа мағынада қолданылады. Азракиттерлар мұндайды қабылдамайды.

Г) Үлкен күнәлердан бірін жасаған адам дінін жоққа шығарумен Ислам шеңберінен шыққан болып саналады. Осыған байланысты ол да басқа кәпірлермен бірге тозақта мәңгілікке қалатын болады.

**Суфриттер:** Зияд бин Асфардың артынан ерген бұл топ, Азракиттерларға қарағанда аздап төзімді. Үлкен күнә жасаған адамның жағдайы мәселесінде де Азракиттердан басқаша көзқарасты ұстанады. Шарифат бойынша жазасы белгілі күнәлерді жасағандарды да күпірлікпен айыптамайды.

Язид бин Муавия заманында билікке қарсы шыққан Әбу Билал Мирдас, Суфриттер ағымының мүшесі болатын. Соғыс пен күш қолдануды құптай бермейтін және халыққа зиянын тигізбеген бұл адам қолына түскен мемлекет байлығынан қанағатпен пайдаланатындығымен белгілі болатын. Абдуллах бин Зиядтың жіберген әскері тарапынан жойылады. Бұл ағым Әбу Билалдан кейін ақындық қасиеті бар Имран бин Хаттаб деген кісіні басшы етіп сайлайды. Зиядия деп те аталатын бұл ағым басқалар секілді өз ішінде көптеген тармақтарға бөлініп кеткен. Негізгі ұстанымдары төмендегідей:

А) Қарсыластардың әйелдері мен балалары өлтірілмейді.

Ә) Харижи бола тұра соғысқа қатыспағандар кәпір саналмайды.

Б) Өз сенімі мен пікірлерін жасыру (такийя) сөзде рұқсат етілгенмен амалда дұрыс емес.

В) Зинақорлық жасағандарға таспен атқылау жазасы беріледі.

Г) Аллаға ортақ қосу (ширк) – шайтанға мойынсыну, пұттарға құлшылық ету болып табылады.

Д) Намаз және оразаны тастау секілді діни жазасы белгілі емес іс-әрекеттерге барғандар діннен шыққандар (кәпір) саналады.

### **Дәріс №4. Ибадие, Неждие және Ажариттер**

**Неждие:** Неждет бин Уаймир әл-Ханафидің артынан ерген харижиттерге берілген атау. Неждет, Азракиттер тобының құрушысы Нафимен тайпалас болып келеді. Бұл топтың мүшелері алғашында Әбу Талут Харижимен бірге болатын. Кейіннен Неждеттің жағына өтеді. Неждет және жақтастарының бастаған көтерілісі Бахрәйн, Оман, Йемен және Таифті басып алатындай дәрежеде үлкейіп, жайыла түседі. Неждие ағымы, қарсыластарын күпірлікпен айыптамаулары және балаларының өлтірілуін дұрыс емес деп табуы секілді көзқарастарымен Азракиттер ағымынан айтарлықтай ерекшеленеді.

Араларында туындаған түсініспеушіліктердің салдарынан Неждие ағымы өз ішінде үшке бөлініп кетеді. Бір тобы Атый бин әл-Әсуадпен бірге Сижистанға кетіп, ол жерде Неждиеттың пікірлерін өз түсініктері бойынша ұстанып, насихаттауға тырысты. Екінші топ, Неждеттің ұлын өлтіріп, оның орнына Әбу Фудейкті басшы етіп тағайындайды. Күш қолдану мен пікір төзімсіздігі тұрғысынан ең шектен шыққан бұл топ, Абдулмалик бин Маруан халифтың әскері тарапынан жоқ қылынады. Үшінші топ болса, Неждеттің достары ретінде қалып, бір мезгіл басшысыз әрекет етеді. Тағы біршама уақыт өткесін түбегейлі жоқ болып кетеді. Басты көзқарастары мынадай:

А) Мемлекет басшысының болуы міндетті түрде шарт емес. Басшысыз да жұмыс жүргізуге болады. Алайда қажеттілік болған кезде міндетті (уәжіп) болып табылады.

Ә) Өз сенімін, пікірін жасыру (такийя) ерікті іс-әрекет. Харижиттік пікірді ұстанатын біреу қажет болған жерде және уақытта пікірін жасыруына болады.

Б) Қарсыластарынан үлкен күнә жасағандар діннен шыққан кәпір саналады. Тозақта мәңгілік қалады. Кіші күнәләрді жасауды тоқтатпаған адам күпірлікке кірген болып саналады.

В) Өздерінен болғандар күнә жасаса да жұмаққа баратын болады.

Г) Пайғамбарлардың үлкен-кіші күнә жасауында тұрған кемшілік жоқ.

Д) Өз тобындағылар діни үкімі белгілі болмаған жекелеген мәселелердегі білместіктерінен кешірімді.

**Ажариттер:** Абдулкарим бин Ажрадқа бағынышты болған бұл топ Нежедат ағымынан бөлініп, Сижистан аймағына кеткен болатын. Ажариттер ағымы өзінің көзқарастары жағынан Нежедатқа жақын. Араларындағы көзқарас ерекшеліктері мен түсініспеушіліктердің салдарынан өз ішінде Маймуния, Харамия, Халафия және Салабия секілді тармақтарға бөлініп кетеді. Басты пікірлері мынадай:

А) Тақуа болған харижиттер соғысқа қатыспауларына байланысты діннен шыққан (кәпір) болып саналмайды.

Ә) Қарсыластарының дүние мүлкі, тек қана олар өлтірілгеннен кейін ғана пайдалануға болады.

Б) Билеушінің үкіміне риза болған қарсыластарды өлтіруге болады.

В) Кәмелетке толып, Исламды қабылдағанға дейін балаларға тиіспеу шарт (уәжіп).

Г) Осы ағымның бір тармағы саналатын Маймуния бойынша қыздың қызы және ұлдың қызымен үйленуге болады (жаиз).

Д) Құрандағы Жүсіп сүресін бұзғыншы, азғын әңгіме деп санап жоққа шығарған Маймуния осы және жоғарыда айтылған көзқарастарына байланысты шектен шыққан ағымдардан саналған.

**Ибадие:** Қазіргі кезге дейін өз болмысын сақтай алған жалғыз Харижиттік ағым саналатын Ибадие, Абдуллах бин Ибазаны қолдап, соның артынан ергендерге берілген атау. Қарсыластарына мейлінше төзімділікпен қарайтын бұл ағым, шектен тыс пікірлер мен күш қолдану тұрғысынан харижиттік ұстанымнан алыс жатыр. Өздерін «тура жолдағылар» санайтын Ибадие ағымы пікірлері мен іс-әрекеттері тұрғысынан Ислам қоғамына ең жақын ағым болғандықтан болар, осы күнге дейін келіп жеткен. Жақсы қалыптасқан құқықтық жүйесі (фикһ) мен танымал ғалымдары бар. Оман, Йемен және Солтүстік Африка берберлерінің арасында тараған. Қазіргі кезде Марокко төңірегін мекендейді. Дүниетанымдық ерекшеліктерін былай қорытындылауға болады:

А) Өздерінен емес мұсылмандар дінсіз (кәпір) де, мұсылман да емес. Мұндайлар Алланы жоққа шығармағандықтан сенімдік мағынада дінсіз емес, Алланың берген игілігіне қарсы дінсіз (кәріп) саналады.

Ә) Қарсыластарының мемлекеті «Алланың бірлігі үстемдік ететін үй (тәухид үйі)» болып есептеледі. Яғни соғысуға болмайды. Алайда билеушінің (сұлтан) ордасы бүлікшілер мекені саналады.

Б) Қарсыластарды ескертусіз өлтіру және тұтқынға алуға тыйым салынады (харам). Алайда өз сенімдерін ұсынып, қабылданбаған жағдайда өлтіру және тұтқынға алуға болады (жаиз).

В) Қарсыластармен болған соғыста қолға түскен дүние-мүліктерден тек қана жылқылар, қару жарактар және соғыста пайдалануға болатын заттарды алуға болады (халал), қалғандарын қолдануға болмайды (харам).

Г) Үлкен күнә жасағандар Алланың бірлігін қабылдағандар қатарына жатқанымен иман еткен мұсылман болып саналмайды.

Д) Қарсыластарымен некелесуге, мирастарын алуға болады.

Е) Дінсіздердің (кәпір) балаларының дінсіздігі (кәрірлігі) туралы пікір білдірмеген дұрыс деп санайды. Құран және сүннетті мойындайды. Ислам ғұламаларының ауызбіршілікпен қабылдаған шешімдерін (ижма) және салыстырмалы әдіс арқылы діни үкімі белгіленген шешімдерді (қияс) қабылдамайды. Шариғат негіздері (фикһ) Шафи мазһабына жақын.

### **Дәріс №5. Шииттер**

«Шиа» араб тілінен аударғанда «жақтас», «көмекші» және «фырқа» (топ) мағыналарын береді. Термин ретінде «*шиа*» Хз. Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін Хз. Али және ұрпағының имамдық (халифалық) үшін ең лайықты кісілер екенін және мұның *насс* және *таинмен* анықталғанына сенетін қоғамға берілген есім болып табылады. Сонымен қатар, Ислам дініндегі үлкен бір ағымның аты.

Исламдағы шиттік бағыт Мұхаммед пайғамбардың жалғыз мирасқоры төртінші “тақуа халиф” Али мен оның ұрпақтарын ғана мойындайтын мұсылмандардың басын біріктіреді. *Шиизм* (ар. “шиа”- топ, партия) де, исламның өзі сынды, өз алдына біріккен біртұтас жүйе болып табылмайды. Ол – көптеген секталар мен бағыттарға бөлініп кеткен өте бытыраңқы бағыт. Шииттердің жіктелуі діни-саяси көшбасшылық мәселесіне байланысты қақтығысулар, алауыздықтар нәтижесінде жүріп отырды. VII ғ.-дың өзінде-ақ шииттер ішінде екі бағыт – *байыпты* және *радикал* (шектен шыққан) шииттер қалыптасқан болатын. Олар біраз уақыт өткен соң түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бастапқыда шииттер діни сипаттағы жаңа жүйе бола қоймаған еді, олар тек біраз уақыттан соң ғана догматикалық рәсімдеуді басынан өткізді. Кейінен, уақыт өте келе өзге ұлттардың діни сенім-нанымдары еніп және Ислам дінін құлату, мұсылмандар арасында бүлік шығару үшін осы атты жамылып, негізгі мақсаттарына жетуді көздеген саясаткерлер көптеп кездесті. Өйткені, мұсылман халық Хз. Пайғамбардың ұрпақтарын жақсы көріп, оларға құрмет ететін. Бұл әулиетке: «*Әли бәйт*» дейді. Осы әли бәйттің өшін аламыз деп халықты үнемі халифаға айдап салушылар әли бәйт жайында жалған хадистер шығарып, жан дүниесі таза халықты басқаша сенімге жетеледі. Нәтижесінде, осылай болу керек, бұлай болмаса болмайды деген үлкен саяси күш туды. Бұларға да «*Шиум*» деп ат берілді.

### **Дәріс №6 Исмаилиттер, Зайдиттер және Имамниттер**

Кең тараған исламдық жіктемелердің біреуіне сай, шииттік бес үлкен секталар бар. Олар өз алдына одан да кішірек құрылымдарға бөлінген екен. Оларға: кайсаниттер, зейдиттер, имамниттер, “шеткі” шииттер және исмаилиттер жатады.

Шииттер арасында Алидің ұлдары Хасан мен Хусейннің ажалынан кейін кайсаниттер бірінші болып бөлек шықты. Олар Мұхаммед ибн аль-Ханафияны (700 ж. шамасында өлген) имам деп жариялады. Ол – Алидің ханиф тайпасынан шыққан күннен туған баласы болатын. Шииттердің көп бөлігі бұл сайлаудан бас тартты. Өйткені Мұхаммед ибн аль-Ханафия Пайғамбардың қызының баласы емес еді. Кайсаниттер шеткі шииттерге жатады. Олар өздерінің мойнына “жазықсыз өлтірілген” Хусейн үшін кек қайтаруды жүктеген. Мұхаммед ибн аль-Ханафияның кандидатурасын итеріп тастағандар төртінші имам ретінде Хусейннің Кіші Али деп атап кеткен және діндарлардың Әшекейі (713/14 ж. өлген) деп аталып кеткен ұлын мойындаған. Оның мирасқоры ретінде ұлы - Мұхаммед аль-Бакир тағайындалды. Оны шииттердің көбі мойындағанмен де, Мұхаммед аль-Бакирдің саяси енжарлығына көңілі толмаған бөлігі оның оған қарағанда белсендірек ағасы - Зайд ибн Алидің маңына топтасты. Ол Куфадағы Омейядтарға қарсы көтерілісті басқарды, сөйтіп, шайқас үстінде (740 ж.) қайтыс болды. Оның жақтастары зейдиттік

деген атау алған жеке сектаға бірігіп, бөлініп кетті. **Зейдтердің негізгі мақсаты** - Али әулиетінен тараған имам басқаратын теократиялық мемлекет құру болды. Зейд – Алидің шөбересі, бесінші имам деп танылды. Зейдиттер Иранда, Иракта, Хиджазда, сол сияқты Йеменде де орналасқан. Аталған жерлерде олар терең тамыр жайып, өздерінің мемлекеттерін құрды. Шииттердің ең саны жағынан көп әрі байыпты қатарын **имамиттер** қалыптастырады. Олар Али әулиетінен шыққан 12 имамды мойындайды. XI ғ. аты әлемге танымал ислам теологы және құқықтанушысы аш-Шахристанидің анықтамасы бойынша, “Имамиттер – Алидің имаматын нақты тағайындау оның бойындағы бар қандай да бір қасиетке ишара жасау арқылы емес, оның өзін жеке көрсету арқылы анық нұсқау деп мойындайды”. Шииттік исламдағы шеткері бағытты **зулат** (шектен шыққан көзқарастарды ұстанушылар) деген атау алған көптеген секталар мен тарамдалған бұталар танытады. Олардың “шектен шығып кетулерін” Алиді және оның ұрпақтарын құдайдай көруден байқауға болады. Мұсылманшылықтың тарихына өшпес із қалдырған шииттердің басқа бір бағыты – **исмаилиттер** болды. Олардың тарихы өзінің бастауын VIII ғ. ортасынан алып жатыр. Имаматтың Исмаилдың ұрпақтарында қалуын жақтағандар исмаилиттер деп атала бастады. Бірақ Мұхаммед пен Исмаил өлгеннен соң енді енді басы құралып келе жатқан исмаилиттік қозғалыс екіге жарылып кетті.

### **Дәріс №8. Батынилер және Нусайриттер, Хакимиттер және Дурзиттер**

Сырт көріністе шииттер сенімін ұстанатын секілді көрінген түрлі топтар болды. Олар ислам тарихы бойынша көптеген дін бұзарлық әрекеттер жасап, ұстанған сенімнің идеяларын XX ғасырға дейін жеткізе білген ағымдардың қатарында Батыния, Исмаилия немесе Карматилер тобын атауға болады. Бұл топтар шиит маскасын (бет-пердесін) киіп, істемеген нәрселері қалмады. Әсіресе бұл дін бұзар топқа Батынилер деп атаған. Бұларды Иракта Батынилер, Карматилер, Мездекилер деп атаса Хорасанда Талилер, Улхиттер деп атады. Батынилерге бұл аттың берілуіндегі себеп, олар Құран аятымен пайғамбар хадисінің сыртқы көріністегі мағынасы болғандай ішкі мағынасының да болғандығын айтуда. Олардың айтуынша бұқара халық үшін оның сыртқы мағынасы жеткілікті болса, зиялылар үшін ішкі астарлы мағынасы маңызды екен.

### **Дәріс №9. Мутазилиттер**

Ислам ойшылдық тарихында терең із қалдырған және Аббасидтер халифатының діни-саяси өмірінде маңызды орынға ие болған Мутазилиттер, исламдағы діни-философиялық бағыт қаламның ең алғашқы ірі өкілдері болып саналады. Қолда бар деректер Мутазилиттердің пайда болуын, Хасан әл-Басридің мәжілісін үлкен күнә жасаған адамның жағдайына байланысты туындаған пікірталас нәтижесінде Уасыл бин Ата деген адамның тастап, бөлініп кетуімен байланыстырады. Уасыл бин Ата (748 ж.) мен Амр бин Убайд (761 ж.) Басрада Хасан Басридің (728 ж.) ғылыми мәжілісінде үлкен күнә жасаған адамның сенуші де (мумин), кәпір де емес, осы екі жағдайдың (иман мен күпірліктің) арасындағы бір жерде болатындығын айтып одан бөлініп кетеді. Бөлінгендер деген мағынаға келетін Мутазила атауы осылардың артынан ергендерге кейіннен берілген.

Бұған дейін, Хасан Басри үлкен күнә жасағанды екі жүзді (мунафық), Муржия сенуші (мумин), Харижиттер діннен шыққан кәпір деп есептейтін еді. Уасыл бин Ата осы көзқарастардың барлығын жоққа шығарып, өз пікірін ортаға қояды. әл-Бағдади бұл туралы мыналарды айтады: «Уасыл, Хасан Басридің мәжілісінен бөлініп кеткеннен кейін оған досы Амр бин Убайд қосылады. Ол кезде халық олар жайлы былай дейді: «Бұл екеуі көпшіліктің (үмметің) ұстанған сенімінен, жолынан бөлінді». Сол сәттен бастап оларға ергендер Мутазила деп аталды».

Мутазилиттердің діни ілімдері бес негізде жинақталған. Олар:

- 1) Алланың бірлігі (Тәухид)
- 2) Әділеттілік (әл-Адл)
- 3) Уәде және Қорқыту (әл-уаад уал-уаид)
- 4) Екі аралықтағы жағдай (әл-манзилу бәйнәл мәнзиләтәйн)

5) Жақсылықты бұйыру, жамандықтан тыю (әл-амр бил-маруф уән-нахийи анил-мункар). Мутазилиттік пікірлерді қазіргі таңда Шииттік ислам ұстанады. Ирак, Иран, Сирия, Үндістан шииттері, Йемендегі Зайдиттер Мутазилииттердің ақайд (сенім негіздері) принциптерін ұстанады. Тек имамдық, рухани көсем секілді кейбір мәселелерде көзқарас ерекшеліктері бар.

### **Дәріс №10. Муржиттер және Жабариттер**

Муржия – Шииттер мен Харижиттердің пайда болған кезінде сол дәуірдің саяси жағдайларына қатысты өз ұстанымдарын көрсетуде бейтарап қалғандардың қалыптастырған ағымы болып табылады. Бұл ағымның қалыптасуына бірінші кезекте сол дәуірдегі ағымға бөлінушіліктер, екінші халифалық мәселесі ықпал еткен. Муржия мүшелері Шииттер мен Харижиттердің көзқарастарына қосылмаумен қатар халифат мәселесінде де бейтарапшылдықты ұстануға тырысқан. Муржия ағымы өз арасында көптеген тармақтарға бөлініп кеткен. Өкілдерінің басқа доктриналдық (калам) мектептердегі орындарына қарай «харижиттердің муржиясы», «қадариттердің муржиясы», «жабариттердің муржиясы» секілді есімдер алуы, муржияның дербес және жүйеленген өзіндік мектеп болмағанын көрсетеді. Муржия өз дәуірінің саяси және қоғамдық шарттарының нәтижесінде ортаға шыққан бір ағым болып табылады. Омейядтар халифаты тұсында өмір сүріп, Аббасидтер халифатының тұсында жоқ болып кетеді.

Жабариттер: Тағдыр, жазмыш мәселесі исламнан бұрынғы қауымдарда да көтеріліп, әр түрлі пікірлер алға тартылған болатын. Алайда ешбірі де қанағаттанарлық нәтижеге қол жеткізе алмаған еді. Ислам бұл мәселеге өзіндік тұрғыдан жақындаған. Құранда адам баласына бір жағынан ерік бостандығы берілгендігі және жасаған іс-әрекеттерінен жауапты екендігі айтылса, бір жағынан абсолютті ерік иесі ретінде Алланы көрсетеді. Мұхаммед пайғамбар да тағдыр мәселесі төңірегінде пікірталас жасауға тыйым салып, бұл нәрсенің шешімін табу мүмкін еместігін айтқан. Дегенмен бұл мәселе мұсылмандар арасында әлсін әлсін талқыға түсіп, пікірталастың нысанына айналып отырған. Әсіресе Омейядтар кезінде ортаға шыққан бір топ, тағдырды анықтау барысында адам баласының ерік бостандығының мүлдем жоқ екендігін, барлық нәрсенің алдын ала бекітілген жазмышқа қарай жүзеге асатынын алға тартуда еді. Олардың ойынша, «Адам баласының ешнәрсені өз еркімен жасауға дәрмені жоқ. Ол бүкіл іс-әрекеттерінде еріксіз (жәбр). Өйткені ешқандай күші, құдыреті, таңдау еркі жоқ. Алла бүкіл табиғат құбылыстарындағы қозғалысты жаратқаны секілді адамның іс-әрекеттерін де жаратады. Алайда бұл іс-әрекеттердің адам баласына қатыстылығы рәміздік сипатта. Табиғатта болып жатқан құбылыстарға ағаш жеміс берді, су ақты, күн шықты және батты, жер қурады немесе көгерді деп қалай айтылса адам баласының іс-әрекеттері де осындай болып табылады».

Деректерге қарағанда бұл пікірлерді алғаш рет жаюға тырысқан мұсылман Жад ибн Дирхам деген адам болған көрінеді. Бұл адам Шам қаласында отырған. Шам – ислам келген аймақтан алыс, басым бөлігін христиандар құрайтын аймақ болатын. Бұл жағдай да теологиялық пікірталастарға себеп болатын жәйттерден бірі еді. Ислам діні бір мезгіл бұл секілді талас тартыстарға тоқтау қойғанымен, ұзаққа созылмады. Омейядтар халифаты тұсында қайта күн тәртібінен орын алып, бұрынғыдан да өрши түсті. Осы кездерде Омейяд әмірлерінен бірінің тәрбиешісі қызметін атқарумен айналысқан Жад ибн Дирхам мәселеге қатысты көзқарастарын Шам мұсылмандары арасында насихаттай бастайды. Тек бұл әрекеті ұзаққа созылмады. Пікірлерін қауіпті деп тапқан Омейяд билеушілері оны Шамнан аластатады. Шамнан қуылған Жад ибн Дирхам Куфаға келеді. Бұл жерде Жахм ибн Сафуан деген кісімен кезігеді. Оған пікірлерін айтып, өзінің жағына өтуіне ықпал етеді. Жадтың Куфадағы әрекеті ұзаққа созылмады. Халифа Хишамның бұйрығымен Ирак әкімі Халид бин Абдуллах әл-Қасри тарапынан өлім жазасына кесіледі. Жад ибн Дирхам өлтірілгенімен оның шәкірті, әрі жабрия ағымының көрнекті тұлғасы Жахм ибн Сафуан Жадтан үйренген пікірлерін әуелі Термизде тарата бастайды. Тек ол өз тарапынан кейбір жаңа пікірлер қосып, толықтыра түседі. Жахм ибн Сафуан мектебінің

басты ерекшелігі, Құран аяттарын интерпретациялау негізіне сүйенеді. Ол бұл әрекетін әуелі Құрандағы Алланың сипаттарына қатысты аяттарды түсіндірмелеуден бастайды. Нәтижесінде Алланың сипаттарын, исламда қалыптасқан о дүниемен байланысты сенімдерді жоққа шығарған. Алланың шын мәнінде «сөйлеуші» сипатын теріске шығарып, Құранның жаратылғандығы туралы қорытындыға келеді. Осындай исламға жат пікірлерінен ол, Омейядтар билігінің соңғы кезеңдерінде Хорасанда өлтіріледі.

### **Дәріс №11. Ваххабиттер**

Соңғы кездерде ортаға шыққан исламдағы жаңа бағыттардың бірі, көп айтылып жүрген Ваххабилік ағымы болып табылады. Бұл бағыттың негізін салған Мұхаммед ибн Абдулауххаб болып табылады. Ол, 1703 жылы қазіргі Сауд Аравиясының Рияд қаласына жақын маңдағы Уайна елді мекенінде өмірге келеді. Алғашқы діни білімді өз әкесінен алады. Одан әрі Мекке мен Мәдинаға барып оқиды. Осы жерде Ибн Тәймияның пікірлерімен танысады. Сосын Басраға барып, ол жерде Тәухид мәселесінде пікірталастар жүргізеді және дінді тікелей Құран мен Сүннеттен үйрену керек дегенді алға тартады. Ваххабилік дүниетаным қазіргі таңда Сауд Аравиясының ресми идеологиясы қызметін атқарып отыр. Мысыр, Үндістан, Африка және кейбір Ислам елдерінде жақтастары бар. «Ваххаби» атауы қарсыластары тарапынан құрушысының тірі кезінде беріліп, қазір де осы атпен аталуда. Ваххабилік ислам дінін жаңа қырынан түсіндіре отырып, қатаң қағидаларға негізделген бір бағыт ретінде шыққаннан кейін саяси сипат алып, әрі қарай осы бағытта дамиды. Бұл ағым өздері айтқандай, Араб сахараларында тұлғаларды қасиет тұтып, олардың қабірлерін зиярат ету арқылы Аллаға жақындауды қабылдаған кейбір дінге жат нәрселердің көбеюінен ортаға шыққан. Ваххабилер өздерін «Муваххидин» (Тәухидті ұстанушылар) деп, Ибн Тәймияның айтқанындай Ахмед ибн Ханбалдың мазһабын жалғастырушы сунниттерміз деп есептейді. Ваххабилік деген нәрсе жоқ. Мухаммед ибн Абдулауххаб исламды жаңалаған үлкен ислам ғалымынан басқа ешкім емес деген пікірді айтады. Алайда бұлардың діни тәжірибеде жаңа негіздер қабылдағанын, фанатизмнен қантөгіске дейін барған шектен шығушылыққа бой алдырғандарын, ар-ұждан бостандығын танымайтындықтарын және көптеген мәселеде Ахмед ибн Ханбал мен Ибн Тәймияға қайшы келетіндіктерін алға тартқандар да бар.

### **Дәріс №12. Ислам құқық мектептері**

Ислам сенімі бойынша Аллаһ тағала адамзат баласының барлық тіршілігіне қатысты үкімдерін пайғамбарлар арқылы жіберіп отырған. Ал осы үкімдерді зерттейтін ғылымды фықһ деп атайды. Фықһ сөздікте; білу, түсіну, бір нәрсені барлық жағынан қыр-сырымен ұғу,-деген мағыналарға келеді. Ал терминдік мағынасы болса; кісі өзіне пайдалы және зиян нәрселердің амалдағы үкімін білуі,-дегенге саяды. Тағы бір мағынасы; адамның ғибадаттарға, алым-сатымдарға және құқықтық жазаларға байланысты шарифи үкімдерді жетік білуі - деген. Құран Кәрімде фықһ түбірінде көптеген мағыналарда қолданылған.

Исламда төрт құқықтық мектеп бар. Олар:

1. Ханафи мазһабы (мектебі) – бұл мазһаптың негізін қалаған Имам Ағзам Әбу Ханифа (р.а.). Толық аты-жөні Нуғман бин Сабит бин зута әл-Куфи.
2. Мәлики мазһабы – бұл мазһаптың негізін Имам Мәлик бин әнас бин Әби Амр әл-Асбани (р.а.) қалаған.
3. Шафи мазһабы – негізін Имам Әбу Абдулаһ Мұхаммед бин Идрис (р.а.) қалаған.
4. Ханбали мазһабы – негізін Имам Әбу Абдиллаһ Ахмед бин Ханбал әш-Шайбани (р.а.) қалаған.

### **Дәріс №13. Бахаи ағымы және Ахмадия қауымы**

XIX ғасырдың ортасында Ислам мәдениеті мен өркениетінің негізінде дүниеге келген «Бахаи сенімі» 160 жылдық мерзім ішінде шииттік сектадан дербес бір «дін» (өздерін солай есептейді) деңгейіне көтеріліп әлемдік діндермен бәсекелестікте тұрған бір сенім жүйесі болып табылады. Бахаи Шіркеуін көптеген батыс ғалымдары, сондай-ақ Ресей де қазіргі кезде бұларды ең жас әлемдік дін деп есептеуде.

Кейбір дінтанушылар Бахаи сенімін Исламдағы реформаторлық қозғалыс ретінде Батыс пен Шығысты үйлестіруге әрекеттенген және уақыт өте келе дербес діни жүйеге айналған сенім деп қарайды. Туркиялық исламтанушы ғалым Этхем Рухы Фығлалы бұл ағымды «Бабилік және Бахаилік он тоғызыншы ғасырда теріс жолда танытылған тасаввуфтың (суфизм) және шииттіктің негізгі сенімдерінен болған «Махдилік» түсінігінің ортаға шығарған бұзғыншы әрекеті деп танытады.

2003 жылғы мәлімет бойынша Қазақстанда бахаи сенімін ұстанушылардың ұзын саны 1000 нан астам. Діни ілімнің ел ішінде таралуына белсенді түрде қызмет етіп отырғандар Иран, Парсы шығанағы елдері және Малайзиядан келген үгіткерлер (миссионерлер) болып табылады. Сенушілердің діни сауаттылығын арттыру мақсатында 1996 жылы үздіксіз жұмыс жасайтын үш институттың негізі салынды. Олардан Ұлттығы Алматы қаласында, қалған аймақтық екеуінің бірі Қарағанды, бірі Шымкент қаласында. Бахаи әдебиеттері негізінен орыс тілінде шығарылуда.

**Қадиянилік** немесе екінші бір аты болған **Ахмадия** мазһабы Мырза Ғулам Ахмед Қадияни тарапынан Үндістанда ортаға шыққан мазһаб болып табылады. Мырза Ғулам Ахмед Үндістанның Пенжап аймағынан Қадиян деген қаласында 1839 жылы, Ағылшын отарлаушыларына адал қызметтерімен танымал болған отбасында өмірге келеді. Ғулам Ахмедтің әкесі Мырза Ғулам Мұртаза өзіне Үндістан аумағында үлкен мүмкіндіктер жасап берген Ағылшын үкіметінің аймақтағы белсенді төңкерісшілерінің бірі еді. Ғулам Ахмед Үндістанда ағылшындардың орнығуына көмектескен әкесінің қызметтерін мақтанышпен айтып отыратын болған.

Бұл отбасының ағылшындарға қалтықсыз қызмет етулерінің өзіндік себептері бар еді. Ғулам Ахмедтің жанұясы өте ауқатты, бай тұратын. Түпкі аталары Самарқандтан Үндістанға көшіп келіп бүгінгі Қадиянға орналасады. Бұл жерде шаруалары оңалып, үлкен байлыққа ие болады. Алайда 19 ғасырдың орталарына қарай аймақты Сихтар басып алады дағы бүкіл байлықтарынан айырылып қалады. 1849 жылы Ағылшындар Сихтарды жеңіп, аймақты бақылауға алғасын бұлардың бүкіл дүние мүлкі, жерлері өздеріне қайтарылады. Осыған байланысты Ғулам Ахмедтің жанұясы ағылшындарға бар ықыластарымен қызмет етеді.

Қадиянилердің негізгі діни көзқарастары көбіне Ғулам Ахмедтің тұлғалық қасиеттерімен байланысты болып келеді. Ғулам Ахмед 1885 жылдан бастап кейбір тәңірлік міндеттерді орындаумен міндеттелгенін алға тарта отырып мужаддид екенін жариялайды. Содан кезегімен Масих, Махди, Пайғамбар және Кришна екенін ортаға қояды. 1904 жылы Сиялкотта Алланың өзі арқылы мұсылмандар, христиандар және үндістердің ағылшындарға жеңілуін қалағанын білдірген Ғулам Ахмед, үндістер үшін Вишну құдайының екі қасиетінен бірі және адамның Құдайды тануы үшін делдал қызметін атқаратын Кришнаның аватарасы екенін айтады. Оның ойынша Кришна мен Махди екеуі бір нәрсе. Осыған байланысты үндістер мен мұсылмандардың арасында есім айырмашылығынан басқа ерекшелік жоқ. Ғулам Ахмедтің бұл көзқарастарымен сол кездегі Үндістан аумағындағы діндерді өз айналасына біріктіруді көздегені аңғарылады. Қадиянилік өздерін Ислам жолындағы мазһаб ретінде танытқандарымен діни ілімдеріндегі ерекшеліктеріне сәйкес, әсіресе пайғамбарлық туралы көзқарастарымен Ислам сенім жүйесіне түгелдей қайшы келеді. Осы тұрғыдан алғанда Қадиянилік мазһабын бастауын Исламнан алатын, діни ұстанымдарындағы ерекшеліктеріне байланысты исламмен байланыстары үзілген синкреттік сиаттағы діни мазһаб деп қабылдауға болады.

Ахмадия ағымының орталығы Лондон қаласында орналасқан. Қазіргі таңда Пәкістанды қоса алғанда Европа, Америка және аз мөлшерде Африкадағы қадиянилердің немесе басқа бір атауы ахмадилердің жалпы саны екі миллион төңірегінде болып табылады. Негізгі қаржы көздері ұстанушылардан жиналған зекет, айлық өтемақылар және өлген адамның дүниесінің оннан бір бөлігінің мазһаб бірлестігіне берілуіне сүйенеді. Қадияниліктің екі тармағы да әр түрлі деңгейдегі үгіт-насихат істерін жүргізіп, діни ілімнің жайылуында қайрат жұмсауда.



Ахмадия немесе келесі бір атауы Қадиянилік ағымы біздің елімізде (Алматы қаласында) Пакистандық миссионерлердің ықпалымен 1994 жылы Әділет Министрлігінде тіркелді. Ағымның толық атауы – Қазақстан Республикасының «Ұлттық Ахмадия Мұсылман Жамағаты» деп аталады. Бұл ағымның сол кездегі басшысы танымал жазушы, бұрынғы президент кеңесшісі Роллан Сейсенбаев болды. 1998 жылы Алматы жамағатының Шымкент қаласында бір бөлімшесі тіркеуден өтеді. Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы тарапынан Ахмадия ағымынан республика мұсылмандарының сақтануы керектігіне байланысты төмендегідей пәтуа шығарылған: «Ахмадия және Исмаилия ағымдарының көпшілігі Пәкістанның, Индияның жер-жерлерінде тұрады, олардың бір бөлігі тіпті Қазақстанға да келіп үлгерді. Олар Алматы қаласы, Хлебная көшесі, 9-үйге орналасып, ақырындап Қазақстанда өз діндерін таратып халқымыздың арасына іріткі салып, еліміздің қауіпсіздігіне, мұсылмандардың рухани тұтастығына қауіп төндіруде. Сондықтан әрбір мұсылманға бұл қауіпті ағымға қарсы күресу – парыз. Ахмадия немесе қадияния, исмаилия немесе ағахания, бахаилер және закариялар бұлардың ешқайсысы ислами топтар емес, олар өздерінше бөлек бір дін жолы іспетті». Республика көлемінде жүзден шамалы астам сенушісі бар деп есептеледі. Соның ішінде 70 қазақ, үндіпакистандық 20 адам, сондай-ақ ингуш, күрд, орыс, татар, ұйғыр және украин ұлты өкілдері бар.

#### **Дәріс №14-15. Суфизм**

Суфизм- қазақша сопылық дүниетаным, ислам мәдениетіндегі өте көрнекті құбылыс. Суфизмнің дәл бүгінгі күндегі тынысы мен оның "жұлдызды шағындағы" қуатын, әрине, салыстыруға болмайды. Оның жұлдызы жанған уақыты- X-XV ғасырға дейінгі аралық. Осы заманда тек мұсылман елдерінде ғана емес, тіптен Батыс Европа елдерінде суфизмге деген ерекше ынта - ықылас байқалады. Мұның көптеген себептері бар, оның ішінде айта қаларлығы- суфизмнің мистикалық табиғатында (қазіргі богословия ғылымында жиі қолданылатын "эзотерический", яғни грекшеден аударғанда құпия, сыры ішінде деген мағына беретін ұғымда). Яки суфизм эзотериялық мәнді өзінше, яғни христиандық түсініктен өзгеше қарастырған. Ірі суфистер, айталық, Ғазалы т.б. мистиканы, тылсымды адам ынтасынан мүлдем өзге, сыры адамға жабық деп қарастырмайды, қайта олар өз болмысын сол әлемдік тылсым құдіретіне тікелей байланыстырады. Мұндай ұғым христиандық ұғымға жат. Себебі, онда адам- құдай не оның баласы. Суфизмде адам әрқашан жаратушы ісіне, оның сырына қол сұғып, құдай болам деп күнәға батпайды. Суфизмнің тарихы дегенде мынандай екі ұғымға тоқталған жөн. Олар: мистика (тылсым) және аскетизм (тақуалық). Бұл екеуі де суфизмге дейін болып- толып, арналарын тауып, тіптен философиялық тұрғыдан да қарастырылып, ғылыми объективті мәндері бірсыдырғы айқындалған.

Суфизмнің пайда болуы туралы Е.Э. Бертельс өзінің нұсқамада көрсетілген кітабының бір тарауын арнаған.

Ислам мәдениетін зерттеуші ғалымдардың мистика, яғни тылсым туралы әңгімелерінде атақты Рабиға анамыз туралы көп айтылады. қасиетті Рабиға туралы бірқатар аңыз- әңгімелер бар.

Сонымен сөзімізді жинақтай айтсақ, суфизмнің гносеологиялық тамырларында, оның тарихында неплотоникиердің алатын орны ерекше. Ол туралы әлі алда талай сөз болмақ.

Суфизмнің толысуы оның ұғымдары мен түсініктерінің, яғни философиялық терминдердің айқындалуымен анықталады. Осындай суфизмнің теориялық базасын жасаушылардың алғашқыларының бірі Абу Абдалла харис ибн- Асад ал- Анази ал- Мухасибі (857 ж. өлген). Ол "Ар-ри-айа ли хукук Аллах" ("Алланың әмірін мойындау") деген кітабында адамға әсер ететін сыртқы күштер мен жүректің қалауының арасындағы жайларды қарастырған. Мухасибі жанның жүрек арқылы сезілетін күйін зерттей отырып, "хал" деген ұғымды қолданған.

Екінші саты- тариқат. Бұны қазақы түсінікке бағыттасақ, "жол, бағыт" деген мән береді. Бұл термин ғалымдардың айтуынша, IX ғасырда қолданыла бастаған тариқатты

жол деп түсіндіргенде біз нақпа- нақ бір жерге жетудегі жол деп ұқпауымыз керек. Бұл жол адамның аллаға жетуде өз бойндағы күнә- кінәраттар мен кемшіліктерден арылу жолы. Сондықтан бұл жолға түскен жанды сопы (жолаушы) деп те атайды. Бұл жол өте ұзақ болғандықтан, оның тоқтайтын, тыныс алатын аялдамалары бар, оны "мақам" деп атайды. Ал енді осы мақамның әр түрлі күйі бар. Осы мәселеде суфизммен шұғылданушы авторларда мақамның атаулары туралы әртүрлі пікірлер бар. Біз көбіне талас тудырмайтын белгілеріне тоқталайық, яғни мақамның жүйелерін атап өтеміз.

Үшінші кезең- зухд (тартыну). Бұл нәпсіге тиым салу.

Ендігі кезең- пақыр (қайыршылық). Қазақтар пақыр деп жетім- жесірлерді де атап жүр. Сонымен қатар біз пақыр дегенге суфизмнен өзгеше мән бергенбіз. Яғни ол қайыршы, мүмкін алаяқ болуы мүмкін.

Бесінші кезең- сабыр. Бұл термин қазақ санасына әбден сіңісті болған. Сабыр сақтау жаратушының ісіне араласпау, соған бас ию, көну, ешқандай сыр бермеу.

Алтыншы кезең- таваккул, біз тәуекел дейміз. Тәуекел дегеннің суфистік мәні мен біз қолданып жүрген мәннің арасында ортақтық та, айтарлықтай өзгешелік те бар. Орталықтық дегенде айтарымыз, тәуекел бір жасаған иеге сену, соған беріліп, не іс атқарсаң да құдайға иек арту. Суфизмде тәуекел бірнеше мәнде баяндалып келді.

Тәуекел туралы қазақтың санасында шұрайлы ұғым бар. Қазақ тәуекелді біршама жағдайда суфистік түсінікке қарама- қарсы мәнде қолданған. Мысалы, тілімізде "нар тәуекел" деген түсінік бар. Мұнда адам өзін- өзі қайраттанып, өзіне өзінің нық сенетіндігін білдіреді.

Жетінші кезең- рида (толық бой ұсыну, құлшылық). Мұндай сатыға жеткен жанға дүниелік істердің еш әсері жоқ, оның жүрегі ұлы істерге бағытталғандықтан, қайғы, реніш т.с. сияқты жайлар мұндай жанның көңіл- күйін өзгерте алмақ емес.

Тарикаттан кейінгі саты- хақиқат. Менің түсінігімде хақиқатқа нақтылы жету недеге бұйырмаған, бірақ оған жету мақсат шындығы ешқашан күн тәртібінен түскен емес.

Суфистер шарифат, тарикат, хақиқаттарды танымның үш сатысы ретінде қарастырған. Осы мәселені түсіндіруде көптеген суфист- авторлар мынандай мысал келтірген. Алғашқы саты- шарифат- ілім ал- йакин (нақтылы білім) мұны мынандай салыстыру арқылы берген. Айталық, біз ғылыми негізде оттың қуатын, оның нәрселерді өртеп жіберетіндігін білеміз және біз оған сенеміз. Яғни, бұл нақтылы білім. а) айн-ал-йакин (толық сенімділік) - бұл сатыда оттың жанғанын өз көзімен көрген (тек ғылыми түрде ғана емес), демек сезімдік таным үйреніп оқыған білімнен жоғары. б) хақ- ал- йакин (ақиқатқа сену)- отқа өзім түсіп, оны күйдіретінін өз тәжірибемде анықтадым. Демек адам отқа жанып кетіп барып, өзінің жеке "менін" жоғалтатынын дәлелдеуі, бұл хақиқаттың көріну формасы. Танымның бұл сатысында көруші, сенуші, танушылық өзі жойылып, отпен бірге тұтасып кетеді. Суфистердің айтуынша, танымның жоғары сатысында субъект пен объект бірігіп кетеді.

Суфизм күрделі қоғамдық санаға айналуымен бірге, оның ұйымдық істері де бірте-бірте жетіле түсті.